

## ІС-ӘРЕКЕТ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ТҮСІНІКТЕР



*Ғылыми категория диалектикалық  
материализм философиясы негізінде  
құрылып, алғашқы түсіндірулері Л.С.  
Выготский (1896-1934), С.Л.  
Рубинштейн (1889-1960), А.Н.  
Леонтьев (1903-1979) сынды кеңестік  
психологтердің есімдерімен  
байланысты болды*



Іс-әрекеттің әлдеқайда аяқты психологиялық тұжырымын толықтыра және түрлендіре отырып, 1940 жылдың ортасында А.Н. Леонтьев жасаған.

А.Н. Леонтьев бойынша іс-әрекет дегеніміз, белгілі қажеттіліктерге жауап беретін, мотивтерге бағынатын және адамның дүниеге деген өзіндік қатынасын іске асыратын белсенді процестер.

А.Н. Леонтьев адамның кез-келген белсенділігін іс-әрекет деп атаған жоқ, тек тұлға, қажеттілік, мотив, мақсат, міндеттермен психологиялық байланыстағы, мақсатқа бағытталған белсенділіктерді ғана іс-әрекет деді.

**Іс-әрекет – адамның қоршаған ортаға деген белсенді қатынасының бір формасы немесе қоршаған орта мен субъектінің өзара қатынасының динамикалық жүйесі.**



# Іс-әрекеттің психологиялық құрылымы

Іс-әрекет үш қырлы анықталады, яғни бір уақытта үш кеңістікте іске асырылып, көрініс береді, ол: тұлға (іс-әрекет субъекті), объект (іс-әрекет пәні) және ішкі праксис (түрліше белсенді процесстер).

# Іс-әрекеттің психологиялық құрылымын төмендегідей бейнелеуге болады:

- Қажеттілік Белсенділік
- Мотив Іс-әрекет
- Мақсат Әрекет
- Жағдай (міндет) Амал

**Қажеттілік** - адамның дамуы мен өмір жағдайындағы белгілі бір нәрселерге мұқтаждануы.

**Белсенділік** - адамның әсер еткен заттарға белсенді қатынасының нәтижесі. Белсенділік адамның күнделікті іс-әрекетте (ойын, оқу, еңбек) кездесетін міндеттерді шығармашылдықпен орындай алу қабілеті.



**Мотив** - бұл адамның белгілі бір әрекет үшін саналы меңгерілген талаптануы. Ол адамның өзінің қоршаған жағдайын және алдына қойған мақсатын бағалау, ақылға салу, есептеу деңгейіне байланысты мазмұны анықталып қалыптасады

**Мақсат** дегеніміз, болашақ әрекет нәтижесін саналы түрде елестету. Бұл тұлғаның әрекет мәнін қабылдауы

**Әрекет** – мақсатты бағындыруға бағытталған іс-әрекеттің бір бөлігі, бірлігі.

**Амал** - адамның белгілі бір істі меңгеруге бейімделе кірісуі.

**Міндет** – мақсаты және әрекеттің орындалу тәсілі белгілі, яғни амалы бар нақтылы жағдай.



# Іс-әрекеттің түрлері

```
graph TD; A[Іс-әрекеттің түрлері] --> B[Оқу]; A --> C[Ойын]; A --> D[Еңбек]; A --> E[Қарым-қатынас];
```

**Оқу**

**Ойын**

**Еңбек**

**Қарым-  
қатынас**

## Оқу іс - әрекеті


Адам іс-әрекетінің бір түрі, пәндік және танымдық әрекеттердің әдістерін меңгеруге арнайы бағытталған, теориялық білім түрінде қорытылып, жалпыланған түрі.

# ЕҢБЕК ІС-ӘРКЕТІ

Адамзат іс-әрекетінің тарихи алғашқы түрі, белгілі қоғамдық пайдалы өнімді өндіруге бағытталған іс-әрекет болып табылады. Еңбек іс-әрекеті - адамның негізгі, басты іс-әрекеті.



# ОЙЫН ІС-ӘРКЕТІ



*Бұл ең алдымен ойдағы іс-әрекет, басқаша айтқанда- тұрткілердің бірлігімен ұйымдасқан, ойластырылған әрекеттер жиынтығы. Демек, ойын іс-әрекет ретінде жеке тұлғаның қоршаған ортаға белгілі қатынасының көрінісі болып табылады.*

## **ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ІС-ӘРЕКЕТІ**

**Бірлескен іс-әрекеттегі адамдар арасындағы ақпарат алмасу, байланыс орнату және оны шешу процесі. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады**

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сатиева Ш. Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс). Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 232 бет
2. Даму психологиясы: Оқулық / М.К. Бапаева. – Алматы: 2014. – 440б